

Жамбыл облысындағы жер сілкінісі салдарларын жою және әлеуметтік маңызы бар объектілерді қалпына келтіру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 мамырдағы N 492 қаулысы

2003 жылғы 23 мамырда Жамбыл облысындағы жер сілкінісінен зардап шеккен елді мекендердегі қалыпты тіршілікті қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Эпицентрі Жамбыл облысындағы жер сілкінісінен туындаған төтенше жағдай өңірлік ауқымдағы төтенше жағдай болып жариялансын.

2. Жамбыл облысының әкіміне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Ведомствоаралық жұмыс тобы ұсынған Іс-шаралар жоспарына сәйкес Жамбыл облысында болған жер сілкінісі салдарларын жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды жүзеге асыру үшін 500 (бес жүз) миллион теңге бөлінсін.

Жамбыл облысының әкімі белгіленген тәртіппен жер сілкінісі салдарларын жою бойынша қызметтерді ықтимал көрсетушіні (көрсетушілерді) таңдауды бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

Жамбыл облысының әкімі 2003 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есепті ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламаларына түзету енгізілетін қаражаты есебінен Жамбыл облысының Луговая станциясында 1100 оқушыға арналған мектеп салу туралы ұсынысы қабылдансын.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жамбыл облысының зардап шеккен ауданынан 500 баланың "Балдәурен" республикалық балалар сауықтыру лагерінде және "Оқжетпес" республикалық жастар лагері" ЖАҚ-тағы жазғы демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жер сілкінісінен зардап шеккен ауданнан балаларды темір жол көлігімен "Бурабай" курортының станциясына дейін және кері өтеусіз негізде жеткізуді ұйымдастырсын.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Жамбыл облысының әкімімен бірлесіп, жер сілкінісінен зардап шеккен елді мекендерде тұрғын үй мен басқа да объектілер салуға нақты көмек көрсету мәселесін пысықтасын.

6. Ұлттық компанияларға қатысты уәкілетті органдар болып табылатын Қазақстан Республикасының министрліктері олармен бірге жер сілкінісі салдарларын жоюға көмек көрсету мәселелерін пысықтасын.

7. Ж а м б ы л о б л ы с ы н ы ң ә к і м і :

1) жаңа оқу жылы басталғанға дейін білім беру саласына бөлінген бюджет қаражатының, ал басқа да әлеуметтік сала объектілеріне - ағымдағы жылғы жылу маусымының басталуына дейін жеделдете игерілуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп он күн мерзімде жер сілкінісінің келтірген нұқсанын айқындасын және Ведомствоаралық жұмыс тобына 2003 жылға арналған қалпына келтіру жұмыстарының бағдарламасы бойынша ұсыныстар енгізісін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі Ведомствоаралық жұмыс тобымен келісілген Жамбыл облысы әкімінің өтінімі бойынша төтенше жағдайдың зардаптарын жоюға арналған мемлекеттік материалдық резервтен 200 (екі жүз) алты қанатты киіз үй және 6, 10 және 12 орындық палаткалардың қажетті санын белгіленген тәртіппен шығарсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі